

**«Майдантал» жалпы орта мектебінің  
2021-2022 оқу жылына арналған  
«Терең білім, еңбекқорлық және  
отаншылдық қасиет» атты  
іс-шараның өткізілгені  
туралы**

**Мәлімет**




**«Майдантал» жалпы орта мектебінде 1 қыркүйек Білім күніне арналған еліміздің келешегі бүгінгі ұрпақ екенін насихаттау барысында «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» » атты салтанатты жиын өткізілді. Музыка ырғағымен 1- сынып оқушылары жетекшілерімен жиын өтіп жатқан алаңға арнайы шақырылып, өз орындарына жайғасты. Жиынды салтанатты түрде ашу үшін сөз кезегі мектеп директоры Қ.Рысбаевқа берілді. Еліміз дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға қадам басқан күндерек беттерінде ел сыйлаған ағаларымыз бен ардагер ұстаздарымыз қонаққа келіп, жылы лебіздерімен бөлісті. Әлемдік өркениетке бет алған бүгінгі қазақ елінің болашағы білім мен тәрбие алауын жаққан мектеппен тікелей байланысты екенін атап өтті. Барша ұстаздар қауымын бүгінгі Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, шығармашылық табыс, мықты денсаулық, сәттілік тіледі. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған 1сынып оқушылары өздерінің ән жырларын ортаға салды.Тілектерін жолдады. Сонымен қатар 2-11 сынып оқушылары «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет » тақырыбында білім сабағын өтті.**

**Мектеп директоры**

**Қ.Рысбаев**

Дайындаған А.Алтынбек

1 кыркүйөк бiлiм күнiне арналган салтанатты жыйын.  
“Терен бiлiм, еңбеккорлык және отаншылдык касиет” бiлiм күнi сабагы



# Жасулан Ұйымынын жылдык жоспарын талкылау



**Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Майдантал»  
жалпы орта мектебі**

**Жасай бер, қазақ тілі-ана тілім  
(Оқушылар мүшәйрасы)**

**2022-2023 оқу жылы**

**«Майдантал» жалпы орта мектебінің  
2021-2022 оқу жылындағы  
Қазақстан халықтарының тіл  
мерекесіне арналған іс- шараның  
өткізілгені туралы**

**Мәлімет**


«Майдантал» жалпы орта мектебінде 05-15 қыркүйек аралығында «Мемлекеттік тіл Қазақстан халықтарын біріктіретін тіл» екенінің насихаттау мақсатында «Тіл мәртебесі-ел мәртебесі» тақырыбында онкүндік апталық іс шара өткізіліді. Үш тіл мұғалімдерінің ұйымдастыруымен қабырға газеттерінің көрмесі жасалды. Мектеп дәлізінде және кітапханада «Жасай бер, қазақ тілі-ана тілім» тақырыбында ақпараттық бұрыш жасалды. Ондағы мәліметтер өз ана-тілінің қадір-қасиетіне, оның адам өміріндегі маңызын ұғуға және үштілділік заман талабы мазмұнды болды. «Тілге құрмет-елге құрмет» зияткерлік ойынын қазақ тілі мұғалімі Бердібекова Рабиға 6-сынып оқушыларымен өткізді. Оқушылардың дайындығы жоғары болды. Қондыбаева Ұлби апай «Әлемдік кеністіктегі Ахмет және ұлт бейнесі» тақырыбында танымдық-зерттеу конференциясын 11 сынып оқушыларымен ұйымдастырды. Сәрсенбаева Анар 6 сынып оқушыларымен «Жасай бер, қазақ тілі-ана тілім» атты мүшәйра өткізді. Онкүндік соңында әдеби монтаж, іс-шаралармен таныстырылды. Қорытынды кеш ұйымдастырылып, оқушылар марапатталды.

**Мектеп директоры**


**Қ.Рысбаев**

Дайындаған А.Алтынбек

Тіл мәртебесі – ел мәртебесі  
тақырыбындағы тілдер 10 күндігі



“Әлемдік кеңістіктегі Ахмет және ұлт бейнесі”



**«Майдантал»жалпы орта мектебінде  
2022-2023 оқу жылында  
Шерхан Мұртазаның 90 жылдығына  
орай ұйымдастырылған іс-шараның  
өткізілгені туралы**

**Мәлімет**




Мектебімізде балалар әдебиетінің жарық жұлдызы ,сөз өнеріне ерекше еңбек сіңірген ел ағасы Шерхан Мұртазаның 90 жылдығына орай ауылдық кітапхана меңгерушісі Түкібаева Айша апайымыздың ұйымдастырумен кітапханада 9Ә сынып оқушыларымен «Тағлымды да тартымды ғұмыр» атты әдеби кеш өтті.Айша апайымыз ақынның өміріне арналған баяндама жасады .Халқымыздың ұлы перзенті Шер ағаның кітаптарымен таныстырып өтті. Кітап арқылы ақынның шығармаларына қызығушылығын арттыру көзделді. Арқылы Оқушының бойына ақыл мен парасатты,сөз құдіреті мен көркем сөздің мәйегін сіңірту арқылы өлең сөзге баулу.Оқушылар ақын өлеңдерін мәнерлеп айтып шықты,шығармаларымен танысты.Бұл өткізілген кеш оқушыларымызды рухани азықтандырып,тұлғалық қалыптасуына мүмкіндік берді.

**Мектеп директоры**

**Қ.Рысбаев**

Дайындаған А.Алтынбек

# Тағлымды да тартымды ғұмыр Шерхан Мұртазаға 90 жылы



**Майдантал»жалпы орта мектебінің  
2022-2023 оқу жылындағы  
Қарттар күніне орай ұйымдастырылған  
іс-шараның өткізілгені туралы**

**Мәлімет**



Мектебімізде 1-қазан қарттар күніне орай оқушылардың бойына үлкенді сыйлап, құрметтей білуге қайырымды болуға тәрбиелеу мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырылды. Биыл да мереке өз деңгейінде өтті. Өзін өзі басқару ұйымының Қамқорлық (Еріктілер) тобы ауылымызда көмекті қажет ететін Әмірбек атамыз бен Хадиша анамызға барып, құттықтап қолғабыс жасап қайтты. 9 сынып жетекшісі Қамбар Дархан ағай мен Досболова Света апайдың басшылық жасауымен ауылымыздың қарияланына көмек жасалды. Ұл балалар сыртқы жұмыстарына ауланы тазалап, қоқыстарды шығарды. Қыз балалар ішкі жұмыстарына үйдің шаңына, ыдыстардың тазалығына мән берді. Қыз бала болашақ ана екенін жақсы тәрбие арқылы үлгі өнегесін көрсететінін әңгілеп берді. Қарияларға қол ұшын беру, тәлімін алу біздер үшін үлкен мектеп екенін оқушылар жақсы түсінді. Осындай игі шаралардың берер тәлім тәрбиесі көп.

**Мектеп директоры**

**Қ.Рысбаев**

Дайындаған А.Алтынбек

# “Қамқорлық” (еріктілер) тобынның жұмысы



Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Майдантал»  
жалпы орта мектебі

# *Ұстаз – ұлы тұлға*

*(Мұғалімдер күніне арналған концерттік бағдарлама)*

**2022-2023 оқу жылы**

**«Майдантал» жалпы орта мектебінде  
2022-2023 оқу жылының  
«Ұстаздар күніне» арналған  
іс-шараның өткізілгені туралы**

**Мәлімет**

Мектебімізде қазан айының 5-де «Ұстаздар мерекесі» аталып өтілді. Мейрам барысында «Ұстазым бар сенің қасиетің» тақырыбында 7-9 сынып оқушылар арасында эссе жазылды. Сынып оқушылары ватсап желісінде ұстаздарын құттықтап жылы лебіздерін білдірді. 5-11 сынып оқушылары «Ұстаздар – асыл жандар» атты ұстаздарға арналған концерттік бағдарламасын дайындады. Концерт барысында оқушылар өздерінің жүрек түкпірінен шыққан Өлеңдерін оқып, билерін биледі. Мәнерлеп өлең оқыды. Бағдарлама соңында мектеп директоры сөз сөйлеп ұстаздарға деген құттықтауын жеткізді. Алдағы күндеріне сәттілік, шығармашылық табыстар тіледі. Отбасы адамды дүниеге әкеліп, қалыптастырып, дамытып жетілдірсе, мектеп ақылы мен білімі толықсыған өмір сүруге бейім, толыққанды адам етіп тәрбиелеп шығарады. Ал мектептегі басты тұлға-ұстаз екенін естен шығармауымыз керек деп сөзін түйіндеді.

**Мектеп директоры**

**Қ.Рысбаев**

Дайындаған А.Алтынбек

Кентау қалалық білім бөліміне қарасты «Майдантал» жалпы орта мектеп коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі

# *Қазақтың қаһарман қызы*

(Әдеби музыкалыз монтаж)

2022-2023 оқу жылы

**«Майдантал» жалпы орта мектебінде  
2022-2023 оқу жылында М.Мәметованың  
100 жылдығына орай ұйымдастырылған  
«Қазақтың қаһарман қызы» әдеби монтаждың  
өтілуі туралы**

**Мәліметі**

Мектебімізде 30 қараша күні оқушыларды ерлікке, елін, жерін сүйуге тәрбиелеу, патриоттық сезімін ояту мақсатында М.Мәметованың 110 жылдығына орай 9 А сынып оқушыларымен «Қазақтың қаһарман қызы» тақырыбында әдеби музыкалық монтаж өткізілді. Кешті мектеп директоры ашып, қыршын боздақтарға бас иіді. Оқушылар жан жақты ізденіп, Мәншүктің ерлігін, жауынгерлік жолын көрсетуге тырысты. Іс шара барысында жас қыздың сұрапыл соғысқа баруына не себеп болғаны, қан майданның ортасында жасаған ерліктері жөнінде толғады. Интербелсенді тақтадан Мәншүк ерліктерін бейнелейтін бейнеролик көрсетілді. Оқушылар Мәншүк апаларының ерлігін баяндады. Катюша биін биледі. Көріністе әділетсіздікке қарсы тұрған, өн бойы қайсарлық пен батылдыққа толы соғыста жүрген Мәншүк образдары қатар өрілді. Мәншүктің бойындағы қорқынышы, үміті, қайтпас қайсарлығы, сертке адалдығы бейнелеген қойылым көрермендер ойынан шықты, бірге тамашалады. Мәншүктің монолога оқылды. Осындай тағлымы мол кештердің арқасында аты аңызға айналған батыр қыздың ерлігі жас ұрпаққа ұран болып қастерленіп, есімі мәңгі сақталады.

**Мектеп директоры**

**Қ.Рысбаев**

Дайындаған А.Алтынбек



**«Майдантал» жалпы орта мектебінде  
2022-2023 оқу жылында  
«Аяулы күз-Алтын күз» тақырыбында  
мектепшілік жәрмеңкенің өтілуі туралы**

**Мәлімет**

Күз адам баласына молшылық, береке әкелетін мезгіл. Сондықтан да адмдар күзді берекелі күз, алтын күз деп баға береді. Алтын дейтін себебі, айналаның бәрі сары алтын түске боялады. Күзде егінді жинап алатын болған ата-бабаларымыз «Жәрмеңке тойын» өткізіп, күз берекесін тойлап отырса, біздің мектебімізде осы күз мерекесін тойлау, кештер өткізу дәстүрге айналған. Мектебімізде 27 қазан күні дәстүрлі «Аяулы күз-Алтын күз» жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Жәрмеңкені мектеп директоры Қ.Рысбаев ашып берді. Ата-аналарға алғысын жеткізді. 2-4 сынып оқушылары қолөнер көрмесін жасап келді. Балалар барлық түстерді аса шеберлікпен үйлестіре білген. Бейне бір суретшілер сияқты. Іс-шара барысында оқушылар күз мезгіліне байланысты дайындаған қол өнерлерін таныстырды. Әрсыныптан жекелеген оқушылар күз келбетінің көрінісінен киім үлгісін көрсетті. Мектебіміздің мақтанышына айналған өнерлі оқушыларымыз ән жырмен жәрмеңкенің сәнін келтірді, көңілді күйге бөледі. Жәрмеңкеміздің екінші кезеңі 5-11 сынып оқушылары өздерінің қолдан пісіріп, жасаған тәттілерін күз байлықтарымен дастарханды толтырды. Күздік өнімдерді ұсынды. Табиғаттың ерекше күйге еніп, алтын түске боялған шағын ерекше бейнелеген мереке көңілімізге жақсы әсер қалдырды.

**Мектеп директоры**

**Қ.Рысбаев**

Дайындаған А.Алтынбек

# “Аяулы күз, алтын күз”



“Аяулы күз, алтын күз”



# Алтын күз көрмесі



Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Майдантал»  
жалпы орта мектебі

# Күз ханшайымы

2022-2023 оқу жылы

**«Майдантал» жалпы орта мектебінде  
2022-2023 оқу жылында  
«Күз ханшайымы» сайысының өтілуі**

**Мәлімет**

Мектебімізде қыз балалардың тапқырлығын, іскерлігін арттыру. Ұйымшылдығын өз ойларын, өнерлерін ортаға салып, көрсете білуге тәрбиелеу мақсатында 4-5 сынып қыздары арасында «Күз ханшайымы» сайысы ұйымдастырылды. Сайыстың әділ қазылар алқасы арнайы бекітілді. Олар: Ауылдық кітапхана меңгерушісі-Түкібаева А., ауыл әкімінің әлеуметтік маманы Абуова Д., Шағын орталықтың меңгерушісі Абдуғаппарова Б. Сайысты мектебіміздің директоры Рысбаев Қ ағай ашып, қыздарға сәттілік тіледі. Сайыс 5 бөлімнен құрылды.

1. «Таныстырсам өзімді». (Таныстыру)
2. «Дәрумендер денсаулық сақшысы» (Күзгі байлықтарға жарнама)
3. «Шебер қолдар» (Үй тапсырмасы қолөнер)
4. «Өнерлі өрге жүзер» (Өз өнерін көрсету)
5. «Сымбатқа талғам сай келсе» (Күзгі сән үлгісі)

Жалпы сайысқа әр сыныптан іріктелген өнерлі қыздар тартылды. Таныстыру бөлімі бойынша 4Ә сынып оқушысы Әбілаш Аягөз жақсы дайындықпен келген. Таныстыруы тақырыпқа сай шығарылған. Жарнама айдарында 4А сынып оқушысы Қабылбек Кәусар қызылшаның адам ағзасына пайдалы жақтарын жақсы келтірді. Өзі де қызылша үлгісінде киінген. Үй тапсырмасы бойынша қыздарымыз түгелдей жоғарғы деңгейде дайындалып келген. Күзгі көріністерді ерекше бейнелеп, құдды бір ертегі әлеміне, көкөністерге еліне кіргендей әсер қалдырды. Өнер сайысында оқушыларымыз жан жақты дайындықпен келген. Әнмен биден шашу шашылды. Көрермендер қошеметі зор болды. Сайыстың соңғы бөлімі күзгі сән үлгісінде қыздарымыз неше түрлі кимі үлгісін киіп шықты. Кемпіркосақ ханшайымы, жаңбыр ханшайымы үлгісінде сәнді көйлектер көздің жауын алды. Әділ қазылар алқасы сөз алып, қыздарымызды осылай жарқыратып ортаға шығарған ата-аналарына алғысын білдірді. Қыздар марапатталды.

Мектеп директоры

**Қ.Рысбаев**

Дайындаған А.Алтынбек

# “Күз ханшайымы” байқауы





# Үй тапсырмасы





# Әке көрген оқ жанар





**«Майдантал» жалпы орта мектебінде  
2022-2023 оқу жылында Қазақстанның  
Мемлекеттік рәміздеріне-30 жыл  
тақырыбында сурет байқауының өтілуі  
туралы**

**Мәліметі**

Мектебімізде оқушыларымыздың шығармашылық қабілетін шыңдап, өз белседілігін көрсетуге, дарынды балаларды анықтау мақсатында сурет байқауы ұйымдастырылды. Әр сыныптан жекелеген оқушылар мен сынып бойынша қатысты. Арнайы бұрышқа салынған суреттері ілінді. Балалар өз туындыларында Қазақстанның әсем қаласы Астананың келбеті, табиғаты мен кең даласын бейнеленген. Салынған суреттер тақырыпқа сай болуы ескертілді. «Менің Қазақстаным» сурет байқауының қорытындысы 15 желтоқсанда қорытындыланып, оқушылар алғыс хатпен марапатталды. Қазіргі егеменді елдің болашағы болар жас ұрпақты ұлттың дүниетаным негізінде тәрбиелеудің баға жетпес, теңдессіз құралы.

**Мектеп директоры**

**Қ.Рысбаев**

Дайындаған А.Алтынбек



**«Майдантал» жалпы орта мектебінде  
2022-2023 оқу жылында  
«Біз жемқорлыққа қарсымыз» атты  
дөңгелек үстелдің өткізілуі туралы**

**Мәліметі**

**Мектебімізде 21 қараша күні 9 сынып оқушылары арасында  
«Біз жемқорлыққа қарсымыз» атты дөңгелек үстел өтті.**

**Мақсаты:**

**құқықтық мағлұмат беру, саяси өмірден хабардар жеке тұлғаны  
қалыптастыра отырып, шәкірттердің еркін сөйлеуіне жол ашу.  
Дөңгелек үстелді тарих пәнінің мұғалімі Қамбар Дархан жүргізді.  
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында баяндама  
оқылды. Екі топ оқушылары өзара пікірталасқа түсті. Жемқорлыққа  
қалай баратын одан шығу жолдары туралы әңгіме қозғалды.  
Жағдаяттарды шешті, талдады. Сұрақтарға жауап берді. Сөз соңында  
қоғамдағы жемқорлықты жою үшін адамның адамгершілік  
қасиеттерін, оның ішінде әдептілік, адалдық, әділдік қалыптастыру  
қажет екенін атап өтті.**

**Мектеп директоры**

**Қ.Рысбаев**

Дайындаған А.Алтынбек



**«Майдантал» жалпы орта мектебінде  
2022-2023 оқу жылында аудандық  
«Тәуелсіздік биік болсын тұғырың»  
тақырыбындағы байқауға қатысу  
туралы**

**Мәліметі**


Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің жылдық жоспарына сәйкес 8 желтоқсанда тұғаны заманға лайық музыкалық-эстетикалық тәрбие беру, қабілетті, шығармашылығы дамыған және кәсіби болашағы бар балаларды анықтау мақсатында «Тәуелсіздік биік болсын тұғырың» мерекелік байқау ұйымдастырылды. Байқаудың құрылымы:

1. Вокал (патриоттық 1 ән)
  2. Мәнерлеп оқу (поэма, проза болса - үзінді; ұзақтығы 3 минут)
  3. Сурет салу (Суреттер А3 форматта қағазда орындалуы тиіс. Гуаш, акварель, графикалық материал)
  4. «Гүлдене бер, менің Қазақстаным!» тақырыбында эссе жазу.
- Сол байқауға мектебімізден мына төмендегі оқушылар қатысты: Бақыт Зере - 5 сынып, Оспан Гауһар - 5 сынып, Жакида Ажар - 6 сынып, Қасқабаева Айша - 11 сынып. Білім алушылардың тұлғасын, шығармашылығын дамытуда өткізілген шараның ауқымы кең болды. Әр мектептен жүйріктер қатысты. Мектебіміздің намысын қорғап жүрген оқушыларымыз бұл жолы да құр алақан қалмады. Вокал жанры бойынша Бақыт Зере Туған жер әнімен 2-орынды жеңіп алды. Мәнерлеп оқу бойынша Жүрсін Ерманның «Тәуелсіздікке тәуелділік» өлеңін нақышына келтіріп оқыған оқушымыз Оспан Гауһар 2-орын иеленді. Осы мерекелік байқауға қатысқан оқушыларымыз мектеп директорының алғыс хатымен марапатталды.

**Мектеп директоры**

**Қ.Рысбаев**

Дайындаған А.Алтынбек



Сауран ауданы адами элеуетті дамыту бөлімінің «Майдантал» жалпы орта мектебі

**Жас Ұлан ұймына  
оқушыларды қабылдау  
салтанатты жиыны**

2022-2023 оқу жылы

**Майдантал»жалпы орта мектебінде  
2022-2023 оқу жылында Тәуелсіздік  
күніне орай 2-5 сынып оқушыларын  
«Жас Ұлан» ұйымына қабылдау  
туралы**

**Мәліметі**

**Мектебімізде 15 желтоқсан күні 2-5 сынып оқушылары Республикалық  
бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жас өспірімдер ұйымына салтанатты  
қабылдау жиыны өтті.**

- 1.Туды кіргізу**
- 2.Әнұран орындау**
- 3.Қабылдау рәсімі**
- 4.Ант беру**
- 5.Ұйымның мақсаты мен міндеттерімен таныстыру**
- 6.Құттықтау сөздер**
- 7.Туды шығару**

**Салтанатты жиында мектеп директоры Қ.Рысбаев ашып берді.Жас  
азаматтарды еліміздің нағыз патриоттары ,өзгерістерден  
қаймықпайтын,еңбекқұмар,білімге құштар,өзін-өзі жетілдіруге үнемі  
ұмтылатын,өршіл,қайсар жастар болады деп сенім білдірді.Салтанатты  
жиынымызға ауыл әкімшілігінен қонақтар қатысты.Олар да құттықтау  
сөз сөйлеп оқушыларды бүгінгі мерекесімен құттықтады.Ұйымның  
мақсаты мен міндетін биік ұстауды талап етті. «Жас ұлан» антын  
5 сыныптың үздік оқушысы Опан Гауһар, «Жас Қыран» антын  
2 сыныптың үздік оқушысы Әніш Алихан айтып шықты. «Жас ұлан»  
ұйымына қабылданған оқушылар жас ұлан әнұранын хормен  
шырқады.Мектеп президенті оқушыларды құттықтап,Отанымыздың  
белсенді азаматтары болуларына тілектестік білдірді.**

**Мектеп директоры**

**Қ.Рысбаев**

Дайындаған А.Алтынбек



Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Майдантал» жалпы орта мектебі

# *Тәуелсіздік тұғырым*

(Концерттік бағдарлама)

2022-2023 оқу жылы

**Майдантал»жалпы орта мектебінде  
2022-2023 оқу жылында «16 желтоқсан-  
Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік  
күні»мерекесін атап өтуге арналған  
іс-шараның өтілуі туралы**

**Мәліметі**

Мектебімізде «16 желтоқсан-Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» мерекесін атап өтуге арналған іс шара ұйымдастырылды.12-13 желтоқсанда 2-11сынып жетекшілеріт сынып сағаттарын өткізді. Сынып сағаттарының мақсаты: оқушыларды еліміздің қысқаша тарихымен, мемлекеттік рәміздермен таныстыру. Желтоқсан оқиғасы арқылы жүздеген жылдар бойы бабаларымыздың армандаған егемендігіне қол жеткізгенімізді ,осы Тәуелсіздікке жету жолында талайбоздақтарымыздың жалған айыппен шейіт болғандарын жете ұғындыру, оқушылардың дүниетанымын кеңейту. 8-10 сынып оқушылары арасында волейбол сайысы өткізіліп, жеңімпаздар анықталды. 5-7 сыныптар аралығында «Менің елім-Қазақстан» тақырыбында шығарма жазылып, оқушылар марапатталды. Тәуелсіздік қарсаңында оқушыларымыз түрлі іс-шараларға қатысты. Қалалық , аудандық республикалық жарыстарға қатысып керемет жетістіктерге жетті. Ата бабамыздың арманы орындалып, жасампаздығымызды жаңа белеске көтерген Тәуелсіздік күні дәріптелді. 15 желтоқсан күні «Тәуелсіздік тұғырым» атты қорытынды концерттік бағдарлама болды. Мектеп директоры Қ.Рысбаев мерекемен құттықтап осы іс-шараға қатысқан, жалпы өнерлі, білімді оқушыларды марапаттады.

**Мектеп директоры**

**Қ.Рысбаев**

Дайындаған А.Алтынбек



Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Майдантал» жалпы орта мектебі

# *Мейірімге толы жүрек*

2022-2023 оқу жылы

**Майдантал»жалпы орта мектебінде  
2022-2023 оқу жылында мүмкіндігі  
шектеулі жандарға арналған  
«Мейірімге толы жүрек» атты  
іс-шараның өтілуі туралы**

### **Мәліметі**

**Мектебімізде 23 желтоқсан күні бір жақсылық болып қалар ма екен деген оймен ,сана сезімінде жалынның ұшқыны лаулап үмітпен қараған балаларымызға арналған Сауран ауданы, Майдантал ауылдық округ аппараты мен Мемлекеттік мекемесі әлеуметтік қызметкерлерінің ұйымдастыруымен «Мейірімге толы жүрек» атты қайырымдылық кеш (әкім шыршасы) өтті.Аты айтып тұрғандай қайырымдылық шарамызға Сауран ауданы аппаратынан қонақтар,сонымен ауыл ақсақалдары, қамқорлық кеңестің мүшелері,барша қайырымды жандар қатысты.Алғашқы құттықтау сөз мектебіміздің директоры Қ.Рысбаевқа берілді.Бар байлығымыз һәм бақытымыз –бала.Өйткені бақытымыздың баяндылығы да балалармен өлшенбек дей келе балаларға арналған жаңа жылдық сыйлығын тапсырды.Ауылымыздың әкімі Досболов Жандос мырза балаларды құттықтап осындай шаралардың балалардың санасына мейірімділік ұғымдарын қалыптастырып қана қоймай,олардың оқшауланбай еркін өмір сүруіне жол ашатынын айта отырып,осы бағытта көптеген жұмыстар атқару керектігі қажет екенін айтты.Мектеп оқушыларының музыкалық бағдарламасы қойылды.Балалар ән тыңдап мәз болды.Шара соңында түрлі сый-сияпат жасалды.Ата аналар тарапынан ризашылық білдірілді.**

**Мектеп директоры**

**Қ.Рысбаев**

Дайындаған А.Алтынбек



Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Майдантал» жалпы орта мектебі

# ***Қош келдің, Жаңа жыл***

2022-2023 оқу жылы













